

«Банктің интернет-ресурсы үшін үлгілік  
Пайдаланушылық келісімді бекіту туралы» бұйрыққа  
қосымша

## ПАЙДАЛАНУШЫЛЫҚ КЕЛІСІМ

Осы Пайдаланушылық келісім (бұдан әрі - Келісім) «ForteBank» АҚ-на БСН 990740000683 (бұдан әрі - Банк) тиесілі интернет-ресурстарды Банктің интернет-ресурсын қарайтын/кіретін (пайдаланатын) Интернет желісінің кез келген Қолданушысының (бұдан әрі - Қолданушы) пайдалану талаптарын айқындайды. Осы Келісімнің контекстінде интернет-ресурс деп <https://forte.kz> сайты (соның ішінде сайттың мобильді нұсқасы), ForteBusiness заңды тұлғаларына арналған мобильді интернет-банкінгі түсініледі.

Осы Келісім Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексіне сәйкес қосылу шарты болып табылады, Келісімнің шарттарын қабылдау туралы келісімді растау, тиісті функционалы қолжетімді болған кезде Қолданушының интернет-ресурсты пайдалануға бағытталған конклюденттік іс-әрекеттер жасауы, оның ішінде өзге сервистердің мемлекеттік қызметтерін алу үшін іздеу, қарау, тіркеу/авторландыру/аутентификациялау/сәйкестендіру, пікір қалдыру, хабарламаларды қол жетімді байланыс арналары арқылы бағыттау және интернет-ресурстың функционалдығын пайдалану жөніндегі өзге де іс-қимылдар жасауы болып болып саналатын Келісімнің талаптарын толық және сөзсіз қабылдау (акцептімен) болып табылады. Келісімнің талаптарын білмеу, олармен таныспау Қолданушыны оның талаптарын сақтамағаны үшін жауапкершіліктен босатпайды.

Банк Келісімнің жаңа редакциясын интернет-ресурсқа орналастыру арқылы оны Қолданушының назарына жеткізе отырып, осы Келісімге кез келген уақытта өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады. Банк оны жариялау кезінде өзгерістердің күшіне енуінің өзге мерзімін айқындамаса, Келісімнің жаңа редакциясы интернет-ресурста жарияланған кезден бастап күшіне енеді. Келісімнің қолданыстағы редакциясы мына мекенжайда қолжетімді: <https://forte.kz>.

Егер Қолданушы осы Келісімге өзгерістер жарияланғаннан кейін интернет-ресурсты пайдалануды жалғастыра берсе, Қолданушы сол арқылы оның талаптарындағы өзгерістерді сөзсіз қабылдаған болып есептеледі.

Қолданушы интернет-ресурстың функционалын пайдалану тек «сол күйінде», яғни Қолданушы жүгінген сәтте интернет-ресурста ұсынылған функционалдың, ақпараттық мазмұнның, интерфейсін, дизайнның, басқа компоненттердің және пайдаланушылық талаптардың түрі мен көлемінде ғана мүмкін болатындығын, оны Қолданушының ерік-жігері бойынша өзгерту техникалық тұрғыдан мүмкін емес екендігін түсінеді және онымен келіседі.

**Келісімнің мәтіні бойынша пайдаланылатын терминдер мен анықтамалар мынадай мағынаға ие:**

- 1) **Авторландыру** - Пайдаланушыға интернет-ресурста белгілі бір іс-әрекеттерді орындауға құқық беру, сондай-ақ интернет-ресурста жекелеген функционалдылықтарды пайдалану кезінде осы құқықтарды тексеру (растау) процесі;
- 2) **Аутентификация** - Банк белгілеген қауіпсіздік рәсімінің талаптарына сәйкес электрондық құжаттың жасалуының түпнұсқалығын және дұрыстығын растау;
- 3) **Сәйкестендіру** - интернет-ресурстың жекелеген функционалдығын пайдалану құқығын бір мәнді растау мақсатында Пайдаланушының жеке басын анықтау рәсімі;
- 4) **Байланыс арналары** - ақпаратты Банк белгілейтін тәртіппен және талаптарда пайдаланылатын электрондық пошта (email), Банктің <https://forte.kz> ресми интернет-ресурсы арқылы ақпарат беру құралдары және т.б.
- 5) **Қолданушы** - 1) Интернет желісі арқылы интернет-ресурсқа қосылатын және интернет-ресурсты пайдаланатын тұлға; және 2) осы интернет-ресурсты пайдалану жолымен осы Келісімнің мәтінінде баяндалған интернет-ресурсты пайдалану қағидаларын сақтауға өз келісімін берген тұлға;
- 6) **Қауіпсіздік рәсімі** - интернет-ресурстың жекелеген функционалдығын пайдалануға, электрондық банк қызметтерін алуға және берілетін және алынатын электрондық хабарламалардың мазмұнындағы қателерді және/немесе өзгерістерді анықтауға құқығын белгілеу мақсатында электрондық хабарламаларды жасау, беру және алу кезінде Қолданушыны сәйкестендіруге арналған ұйымдастыру шараларының мен ақпаратты қорғаудың бағдарламалық-техникалық құралдарының кешені;
- 7) **Көрсетілетін қызметті беруші** - Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін тәртіппен және тәсілдермен интернет-ресурсты қолданушыларға көрсетілетін қызметті (терді) ұсынатын, шарт/келісім негізінде Банкпен өзара іс-қимыл жасайтын тұлға;

8) **Электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ)** – ЭЦҚ құралдарымен жасалған және сәйкестендіру құралы болып табылатын электрондық құжаттың анықтығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электронды цифрлық нышандар жиынтығы;  
Келісім мәтінінде қолданылатын өзге ерекше терминдер мен белгілер Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген мәнге сәйкес пайдаланылады.

## 1. Жалпы ережелер

1.1. Қолданушы Келісімнің талаптарын қабылдағаны туралы келісін растағаннан кейін интернет-ресурстың функционалын қашықтан пайдалану құқығына ие болады (электрондық банктік қызметтерді қоспағанда).

1.2. Банк техникалық мүмкіндік болған жағдайда Қолданушыға интернет-ресурстың функционалын пайдалануға мүмкіндік беріледі.

1.3. Банктің қашықтан қол жеткізу жүйелері арқылы электрондық банк қызметтерін көрсету тәртібі Қазақстан Республикасы заңнамасының және Банктің ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес Банк пен Қолданушы арасында жасалған тиісті шарттармен/келісімдермен реттеледі.

1.4. Қолданушыны тіркеу/авторландыру/аутентификациялау/сәйкестендіру талаптары, интернет-ресурстың тиісті функционалын пайдалану кезінде интернет-ресурс жағында да, қызмет көрсетушінің сервисі жағында да көрсетілетін қызмет көрсетушінің өзге де талаптары Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін тәсілдермен сақталған жағдайда ғана Интернет-ресурстың жекелеген функционалын пайдалануға болады.

1.5. Интернет-ресурстың жекелеген функционалы Қолданушыға қызмет көрсетушінің талаптарын ескере отырып, оларды пайдалану кезінде көрсетілген талаптарға сәйкес ұсынылады.

1.6. Қолданушы интернет-ресурс арқылы электрондық түрде жіберетін Банкке мәліметтер, Қолданушының аутентификациясы мен сәйкестендіруі оң нәтиже бергеннен кейін, Қолданушы атынан жіберілген болып есептеледі.

1.7. Банк байланыс арналары арқылы электрондық түрде жасалған әрекеттер туралы Қолдануға хабарлама ұсына алады.

1.8. Мемлекеттік емес ақпараттық жүйелерді мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерімен интеграциялау бойынша Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдарымен қол жеткізілген уағдаластықтардың талаптары шеңберінде және техникалық мүмкіндік болған жағдайда, Банк Қолданушыны интернет-ресурс арқылы және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін тәсілдермен мемлекеттік қызметтер алу мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

1.9. Осы Келісімді қабылдай отырып, Қолданушы Келісімнің 9-бөлімінде көрсетілген талаптар бойынша Қолданушының дербес деректерін өңдеуге келісім берудің тәртібімен толық және сөзсіз келіседі.

1.10. Cookies <sup>1</sup> файлдарының көмегімен интернет-ресурста жиналатын Қолданушы туралы ақпарат/Қолданушының дербес деректері (Қолданушының IP-мекенжайы, сессияның күні мен уақыты (интернет-ресурсқа кіруі), браузер мен операциялық жүйенің түрлері, мобильді құрылғының түрі мен моделі, интернет-ресурсқа кіру көзі, Қолданушының интернет-ресурстағы іс-әрекеті туралы ақпарат (қаралған беттердің саны мен атауын қоса алғанда), Қолданушының жасы, жынысы, қызығушылықтары, географиялық орналасуы, басқа техникалық деректер (cookies, flash, java және т.б.) Қолданушыны сәйкестендіре алмайды, бірақ интернет-ресурстың жұмысын жақсартуға көмектеседі.

---

<sup>1</sup> «Cookies» (куки) файлдары – Қолданушының пайдаланушылық белсенділігін, сервистерді дербестендіру, интернет-ресурстың жұмысын жақсарту және интернет-ресурсты пайдаланудың ыңғайлылығын арттыру мақсатында жиналатын интернет-ресурсқа бұған дейінгі кірулер туралы ақпаратты қамтитын ақпараттарды талдау мақсатында компьютерлерге және мобильді құрылғыларға орналастырылатын шағын мәтіндік файлдар (дерек фрагменттері).

Пайдаланушы деректерді өңдеуден бас тартқан жағдайда, ол интернет-ресурсты пайдалануды тоқтату туралы немесе браузер параметрлерінде cookies файлдарын өшіру қажеттілігі туралы хабарлар етілді есептеледі.  
Сондай-ақ, Қолданушы cookies файлдарын өз браузерінің баптауларында сақтауға және пайдалануға тыйым сала алады. Браузерде cookies пайдалану мүмкіндігі өшірілгеннен кейін, интернет-ресурстың кейбір бөлімдері Қолданушы үшін басқаша жұмыс істеуі мүмкін.

## 2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

### 2.1. Банк міндетті:

- 1) Қазақстан Республикасының ақпараттық қауіпсіздік саласындағы заңнамасында белгіленген ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету талаптарын ескере отырып, Қолданушының интернет-ресурстың функционалына қол жеткізуіне жағдай жасауға;
- 2) Келісімде қарастырылған және Банктің қауіпсіздік рәсімдерінде, электрондық банк қызметтерін ұсыну тәртібін регламенттейтін құжаттарында көзделген тәртіппен интернет-ресурста Қолданушыны тіркеуді/сәйкестендіруді/аутентификациялауды/авторландыруды қамтамасыз етуге;
- 3) Жүргізілетін жұмыстардың аяқталу мерзімдерін көрсете отырып, <https://forte.kz> сайтына ақпараттық хабарлама орналастыру арқылы, Қолданушыға интернет-ресурстың жұмысын тоқтатуы және оны пайдалануға кедергі келтіруі мүмкін интернет-ресурста жүргізіліп жатқан техникалық жұмыстар туралы хабарлауға.

### 2.2. Банк құқылы:

- 1) Қолданушыға келесі жағдайларда интернет-ресурстың тиісті функционалын ұсынадан бас тартуға:
  - Қолданушыны сәйкестендіру/аутентификациялау/авторландырубойынша шаралар қолдану мүмкін болмағанда;
  - егер сәйкестендіру/аутентификация/авторландыру рәсімінің нәтижелері бойынша, оның кез келген бөлігінде Қолданушының дәйексіз ақпарат бергені және/немесе Қолданушының іс-әрекеттерінің және/немесе белгілерінің заңнамада, Банктің ішкі құжаттарында белгіленген талаптарға сәйкес келмейтіні анықталса. Бұл ретте Банктің Қолданушыға интернет-ресурстың тиісті функционалын ұсынадан бас тартқанына қарамастан, Пайдаланушының дербес деректерді жинау, өңдеу, сақтау және беру тәртібіне, талаптарына берген келісімі жарамды болып қалады;
  - Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда, сондай-ақ Банктің немесе қызметті көрсетушінің қалауы бойынша;
- 2) Келісімге интернет-ресурсты пайдалану тәртібін реттейтін өзгерістер/толықтырулар енгізуге;
- 3) интернет-ресурста интерфейс пен техникалық параметрлерге өзгерістер енгізуге.

### 2.3. Қолданушы міндетті:

- 1) интернет-ресурстың тиісті функционалын пайдалану үшін Қолданушының нақты (анық) деректерін көрсетуге;
- 2) енгізілетін Қолданушы деректерінің дұрыстығын өз бетінше тексеруге;
- 3) интернет-ресурстағы өзінің сәйкестендіру/авторландыру/аутентификациялау параметрлері туралы ақпаратты жария етпеуге/үшінші тұлғаларға бермеуге;
- 4) Банк белгілеген интернет-ресурста сәйкестендіру/авторландыру/аутентификациялаудың барлық қажетті рәсімін жүзеге асыруға;
- 5) интернет-ресурсты Келісімнің талаптарына толық сәйкес пайдалануды жүзеге асыруға;
- 6) Банктің қауіпсіздік рәсімдерінің талаптарын сақтауға;
- 7) интернет-ресурсқа кіруді жүзеге асыру және оны пайдалану кезінде қолданылатын ЭЦҚ-ны үшінші тұлғаларға бермеуге;
- 8) интернет-ресурсқа кіруді жүзеге асыру және оны пайдалану кезінде Қолданушы ЭЦҚ-ның сақталуын және қауіпсіздігін қамтамасыз етуге;
- 9) интернет-ресурстың жұмысына нұқсан келтіруге бағытталған іс-әрекеттер жасауға үшінші тұлғаларға көмектеспеуге, оған қоса, бірақ онымен шектелмей (а) вирустарды немесе зиянды кодты жүктеуге; (б) интернет-ресурстың ажыратылуына, интернет-ресурстың немесе бағдарламалық жасақтаманың қалыпты жұмысының бұзылуына немесе интернет-ресурстың сыртқы түрінің және/немесе интернет-ресурстың функционалының нашарлауына әкеп соғуы мүмкін қандай да бір іс-әрекеттер жасамауға;

10) заңсыз, алаяқтық, кемсітушілік немесе жаңылыстыратын басқа да әрекеттер жасамауға;

#### **2.4. Қолданушы құқылы:**

- 1) интернет-ресурстың функционалын Келісімде көзделген тәртіппен пайдалануға;
- 2) интернет-ресурсты пайдалану мәселелері бойынша Банктен байланыс арналары арқылы ақпарат және консультациялар алуға;
- 3) Банктен Келісім бойынша міндеттемелердің тиісінше орындалуын талап етуге.

### **3. Қауіпсіздік рәсімдері**

- 3.1. Банк электронды байланыс арналары арқылы берілетін ақпараттың қауіпсіздігі мен құпиялылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін технологияларды пайдаланады.
- 3.2. Интернет-ресурстың жеке функционалын пайдаланған кезде Қолданушыны сәйкестендіру/аутентификациялау/авторландыру рәсімі Қолданушының ЭЦҚ кілтінің дұрыс көрсетілуін тексеру жолымен жүргізілуі мүмкін.
- 3.3. Қолданушының интернет-ресурстағы іс-әрекеттері Банктің электрондық журналына жазылады.
- 3.4. Интернет-ресурстың жекелеген функционалын пайдалану кезінде, Банк рұқсат етілмеген әрекеттерге қарсы қауіпсіздік деңгейін арттыру, алаяқтық әрекеттердің алдын алу, құпия ақпаратты немесе өзге де құқыққа қайшы әрекеттерді жария етуге жол бермеу мақсатында, оның ішінде қызмет көрсетушінің талаптарын ескере отырып, Қолданушы жасайтын және тиісті функционалды ұсыну үшін қажетті іс-әрекеттердің түпнұсқалығын, дұрыстығын тексеру үшін қосымша шарттарды, талаптарды қарастыруы мүмкін.

### **4. Құпиялылық**

- 4.1. Банк Қолданушының заңмен қорғалатын құпиясын құрайтын құпия ақпаратқа, оның ішінде дербес деректерге үшінші тұлғалардың рұқсатсыз кіруін болдырмау үшін шаралар қолдануға міндеттенеді. Бұндай сипаттағы кез келген ақпарат тек Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте ғана үшінші тұлғаларға беріледі.
- 4.2. Тараптар олармен Келісім бойынша алынған барлық ақпарат құпия болып табылатындығымен және оны алдын ала екінші Тараптың жазбаша келісімінсіз қандай да бір жолмен үшінші тұлғаларға жариялауға болмайтындығымен келіседі.
- 4.3. Осы тармақта белгіленген тыйым бұндай ақпаратты беру немесе жария ету оған Қазақстан Республикасының заңнамасымен тікелей өкілетті тұлғалардың және (немесе) органдардың талаптарында ескерілген жағдайларға жүрмейді.

### **5. Тараптардың жауапкершілігі**

- 5.1. Тараптар осы Келісім бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасына және Келісімнің талаптарына сәйкес, ал осы Келісімде қарастырылмаған жағдайларда - Қазақстан Республикасы заңнамасында анықталғандарға сәйкес жауапкершілік көтереді.
- 5.2. Пайдаланушы осы Келісімде көзделген міндеттемелерді бұзғаны үшін, оның ішінде Банктің іскерлік нұқсан немесе залал келтіргені немесе Банкті жауаптылыққа тартқаны үшін, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделгендей Банкке келтірілген залалды толық көлемде өтей отырып, жауапкершілікті мойнымен көтереді.
- 5.3. Үшінші тұлғалардың интернет-ресурсқа рұқсатсыз кіруі кесірінен туындаған залал үшін жауапкершілік кінәлі Тарапқа жүктеледі.
- 5.4. Қолданушы интернет-ресурсты пайдалануға байланысты өзінің әрекеттері үшін Қызмет көрсетушінің алдында, өзге үшінші тұлғалардың алдында дербес жауапты болады.
- 5.5. Банк интернет-ресурс арқылы ұсынылған мемлекеттік қызметтерді көрсетудің нәтижесі үшін жауапты болмайды.
- 5.6. Банкке байланысты емес себептер бойынша интернет-ресурстың жұмысында туындаған техникалық уақытша іркілістер мен үзілістер үшін немесе интернет-ресурсқа қызмет көрсету бойынша, оның ішінде

қызметті көрсетуші тарапынан, жоспарлы немесе жоспардан тыс іс-шаралар жүргізілген жағдайлар үшін, Банк жауапты емес;

5.7. Банк байланыс желілерінің жұмысындағы уақытша іркілістер мен үзілістер үшін, Банктің тікелей бақылауы жоқ, бірақ интернет-ресурстың жұмысын уақытша тоқтата тұруға, интернет-ресурсқа қолжетімділікті тоқтатуға, сондай-ақ Қолданушы интернет-ресурсқа қосылатын компьютердің, мобильді байланыс құрылғысының ақауларына әкеп соғуы мүмкін өзге де ұқсас іркілістер үшін, оның ішінде Қолданушы осы Келісімнің немесе интернет-ресурсты пайдалану талаптары өзге құжаттың кез келген ережесін бұзған жағдайлар үшін, Қолданушының, Қызмет көрсетушінің, өзге де үшінші тұлғалардың алдында жауапты емес.

5.8. Банк кез келген тікелей, жанама залал үшін, оның ішінде жоғалған пайданы, қолданудан болған зақымдануды, деректердің жоғалуын немесе басқа материалдық емес шығындарды қоса алғанда,

1) Қолданушының интернет-ресурсты және оның функционалын пайдалануы немесе пайдалануының мүмкін еместігінің;

2) Банктің Келісімнің талаптарын өзгертуінің салдарынан туындайтын беделге нұқсан келтіру үшін және өзге залалдар үшін жауапты емес.

## **6. Еңсерілмейтін күш (форс-мажор) жағдайлары**

6.1. Егер міндеттемені орындамау немесе тиісті түрде орындамау еңсерілмейтін күш салдарынан (форс-мажор) болған болса, Тараптар Келісім бойынша міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісті түрде орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады.

6.2. Еңсерілмейтін күш жағдайлары ретінде Тараптар Келісімге қол қойғаннан кейін келесідей төтенше сипаттағы күтпеген және бұлтартпас оқиғалар салдарынан туындаған оқиғаларды түсінеді: аудандарда жүріп жатқан, ресми түрде солай деп расталған, соғыс және соғыс қимылдары, Қазақстан Республикасының заң шығарушы және/немесе атқарушы органдарының, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің осы Келісім мәніне тікелей қатысты қызметтерге тыйым салатын немесе шектейтін әрекеттері, оның салдарынан Келісім бойынша міндеттемелерді уақтылы орындау мүмкін болмауы, Онлайн-платформа жұмысындағы іркілістер мен қателер, жұмысқа қабілетсіздік, Онлайн-платформаның жұмысын қамтамасыз ететін байланыс желісінің ақауы. Тараптар өз міндеттемелерін тиісінше орындау және жағдайды тез арада қалпына келтіру үшін өздеріне байланысты барлық күш-жігерді қолдануға міндеттенеді.

6.3. Келісімнің 7.2. т. көрсетілген оқиғалар салдарынан Келісім бойынша міндеттемесін орындау мүмкін болмаған жағдайда, Банк Қолданушыға тез арада (Қолданушының телефонына SMS-хабарлама/Push-хабарлама жіберу немесе <https://business.forte.kz/> мекенжайы бойынша Банктің ресми сайтында тиісті ақпаратты орналастыру арқылы) хабарлауы тиіс.

## **7. Дауларды шешу тәртібі**

7.1. Интернет-ресурсты пайдаланумен байланысты даулы жағдай туындағанда, Қолданушы Банктің Байланыс орталығына 8 705 921 75 75 телефон нөмірі бойынша қоңырау шалуға құқылы. Билайн абоненттері үшін қоңырау шалу тегін (басқа ұялы байланыс операторлары үшін оператордың тарифтеріне сәйкес) немесе 555-75 (Қазақстан бойынша ұялы телефондардан қоңырау шалу тегін) телефон нөмірі арқылы (ауызша өтініш) мекенжайын, телефон нөмірін, келіспеушілік жағдайының және басқа да ақпараттың мазмұнын айтып хабарласуына (ауызша өтініш), немесе жазбаша түрде кінәрат-талабын/хабарламасын/өтінішін келісімде көрсетілген мекенжайға жолдауға құқылы. Банк Қолданушының өтінішін Банктің ішкі құжаттарында, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қарайды.

7.2. Мемлекеттік қызметтерді алуға байланысты мәселелер туындаған кезде, Қолданушы ақпарат алу үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тиісті мемлекеттік қызметті көрсететін қызмет көрсетушіге жүгіне алады. Мемлекеттік қызметтерді алу кезінде туындауы мүмкін барлық даулар мен келіспеушіліктер Қолданушы мен қызмет көрсетуші тараптың арасында реттелуі тиіс.

7.3. Тараптар осы Келісімді іске асыру барысында Банк пен Қолданушы арасында туындауы мүмкін келіспеушіліктер мен дауларды өз еркімен және өзара келісім арқылы шешу үшін барлық қажетті шараны қолданады.

7.4. Банк пен Қолданушы арасындағы келіспеушіліктер мен даулар өзара келіссөздер барысында реттелмеген жағдайда, мәселе Қазақстан Ренспубликасының сот органдарының қарауына берілуі мүмкін.

7.5. Тараптар, осы Келісімде қарастырылмаған басқадай барлық жағдайда, Қазақстан Республикасы заңнамасын жетекшілікке алады.

## **8. Басқа талаптар**

8.1. Қолданушы Келісімге қол қоя отырып, Банктің интернет-ресурс функционалын пайдалану шеңберінде Қолданушы ұсынған/Банк жинаған Қолданушының кез келген дербес, биометриялық және өзге деректерін (бұдан әрі – Деректер) барлық заңды көздерден жинау, өңдеу, растау және тексеру бойынша, сол сияқты қолда бар Деректерде оқылымдары әртүрлі/қандай да бір өзгерістер анықталған жағдайда, нақтыланған және/немесе дұрыс/өзекті Деректерді алу (жинау), өңдеу, растау және тексеру бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған кез келген іс-әрекеттерді/шараларды жүзеге асыру/қолдану бойынша құқығын мойындайды және оған өзінің келісімін береді.

8.2. Қолданушы Банктің forte.kz ресми сайтында орналастырған Дербес және өзге де деректерді жинау және өңдеу туралы келісім нысаны бойынша Деректерді жинауға, өңдеуге өз келісімін береді және оның мазмұнымен танысқанын, түсінетінін және қабылдайтынын растайды, сондай-ақ онда көрсетілген өзгерістер және(немесе) толықтырулар енгізу тәртібімен келіседі.

8.3. Осы арқылы Қолданушы шарттар, шарттарға қосымша келісімдер бойынша Қолданушының Банкке берген және келешекте беруі тиіс дербес деректер субъектілерінің дербес деректеріне қатысты, сондай-ақ заңнамаға және (немесе) Банктің ішкі құжаттарына сәйкес осындай дербес деректерді жинау, өңдеу қажеттілігі туындайтын өзге жағдайларда Қолданушы Дербес деректер субъектілерінен дербес деректерді жинауға және өңдеуге, дербес деректерді үшінші тұлғаға, оның ішінде Банкке беруге, Банктің дербес деректерді өңдеуіне, дербес деректерді трансшекаралық беруге алдын ала келісім алғанын растайды.

8.4. Банк белгілеген қажетті жағдайда, Қолданушы Банкке Дербес деректер субъектілерінен жинаған дербес деректерді жинауға және өңдеуге, дербес деректерді үшінші тұлғаға, оның ішінде Банкке беруге, Банктің <https://forte.kz> ресми сайтында орналастырылған Дербес және өзге де деректерді жинау және өңдеу туралы келісімнің нысаны бойынша дербес деректерді Банктің өңдеуіне арналған келісімдердің бар екендігіне құжаттамалық растауды ұсынады, ал келісімдердің бар екенін құжаттамалық растау мүмкін болмаған кезде мұндай келісімдерді жинап, содан кейін Банкке олардың алынғанын растайды.

8.5. Дербес деректерді жинауға және өңдеуге, дербес деректерді үшінші тұлғаға, оның ішінде Банкке беруге, Банктің дербес деректерді өңдеуіне келісімдердің болмағаны үшін жауапкершілік Қолданушыға жүктеледі. Дербес деректер туралы заңнаманы бұзғаны үшін Банкке қандай да бір шаралар қолданылған жағдайда, Қолданушы Банктің талап етуі бойынша Банкке келтірілген кез келген шығыстар мен залалдарды өтеуге міндеттенеді.

8.6. Осы арқылы Қолданушы электрондық пошта мен телефон байланысы олар арқылы берілетін ақпаратты қорғаудың жеткілікті дәрежесін қамтамасыз ететін байланыс арналары болып табылмайтынымен танысқанын растайды және осы байланыс арналарын пайдаланудың, солар арқылы жолдаудың нәтижесінде ақпараттың үшінші тұлғалардың қолына түсу ықтималдығына, соның салдарынан Қолданушының жағымсыз жағдайлар және/немесе шығындарға ұшырау мүмкіндігіне байланысты кез келген талаптардан (оның ішінде материалдық талаптардан) Банк бас тартады.

8.7. Қолданушы Банктің қызметкерімен телефон арқылы сөйлесу кезінде Банктің жазба құрылғысы арқылы жүргізілген келіссөздердің жазбасы Қолданушыдан келіп түскен ауызша хабарламаның/өтініштің мазмұнының жеткілікті дәлелі болып табылатындығына келіседі.

8.8. Осы ақылы Қолданушы өзі де, оның өкілі де, бенефициарлық меншік иесі де, басқару, меншік құрылымындағы өзге де қатысушылар да, сондай-ақ онымен бірге тұлғалардың бір тобына кіретін тұлғалар, контрагенттер қандай да бір шектеулерге немесе санкциялық сипаттағы шараларға түспейтінін, сондай-ақ кез келген елдің, халықаралық ұйымның юрисдикциясына сәйкес қандай да бір санкциялық тізімдерде (бұдан әрі-Санкциялар) тұрмайтынын, оның қолданысы жоғарыда аталған тұлғаларға, сондай-ақ Тапсырыс берушіге де тарайтынын растайды;

8.9. Егер Келісімнің қолданысы кезеңінде қандай да бір сәтте оған жоғарыда көрсетілген тармаққа сәйкес санкциялар салу/әсер ету туралы белгілі болса, Қолданушы бұл туралы Банкке дереу, бірақ ол туралы білген немесе білуге тиіс болған күннен бастап күнтізбелік 5 (бес) күннен аспайтын мерзімде хабарлауға міндеттенеді. Санкция салу /ықпал ету кезінде, сондай-ақ Банктің санкция салу/әсер ету туралы хабардар

ету жөніндегі міндетті Қолданушы бұзған жағдайда, Банк онымен іскерлік қатынастарды тоқтатуға, Келісімде көзделген тәртіпте кез келген операцияны жүргізуді тоқтатуға, одан бас тартуға құқылы;

8.10. Қолданушы Санкцияларды айналып өтуге бағытталған нұсқауларды жібермеуге немесе ондай операцияларды жасамауға міндеттенеді. Егер Банктің қалауы бойынша осы Келісім шеңберіндегі қандай да бір нұсқау не операция санкцияларды айналып өтуге бағытталған болса, онда Банк өзі үшін қандай да бір қолайсыз салдарсыз мұндай нұсқауды /операцияны орындаудан /жасаудан бас тартуға құқылы. Санкцияны айналып өту деп санкциялық тауарларды жеткізу үшін делдалдық құрылымдар құру, төлемдер жүргізу не Санкцияны бұза отырып, қаржыландыру алу және т. б. түсініледі.

8.11. Осы Келісімнің мәтіні мен Банктің клиенті болып табылатын Қолданушымен жасалған өзге шарттардың/келісімдердің талаптары арасында қайшылық немесе сәйкессіздік болған жағдайда, соңғысының талаптары басым күшке ие болады.

8.12. Келісім Қолданушы оның талаптарын қабылдаған сәттен бастап күшіне енеді (жоғарыдағы кіріспеді сипатталғандай) және мерзімсіз әрекет етеді.

#### **Банк деректемелері**

**Мекенжайы:** Z05P1P0/010017, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Достық көшесі, 8/1

**Телефоны:** +7 (717) 258-40-40 **Факс:** +7 (717) 259 67 87

**e-mail** [info@fortebank.com](mailto:info@fortebank.com)

**БСК** IRTYKZKA

**БСН** 990740000683